

Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 823 Қаулысы

"Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

N

8 2 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1	"Ғарифолла Құрманғалиевтің өмірі мен қызметі жайлы естеліктер" атты кітап шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жыл бойы	017 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" республикалық бюджеттік бағдарламасы	1440,0
2	Ғарифолла Құрманғалиев туралы деректі фильм түсіру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жыл бойы	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясаты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	1600,6
3	Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығына арналған салтанатты концерт өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жылғы IV тоқсан	011 "Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шаралар өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	4547,3

4	Өнер шеберлерінің Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыс-концертін өткізу	Алматы қаласының әкімі	2009 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1679,0
5	Ғарифолла Құрманғалиев әндерін орындаушылардың "Ақжайықтан ән оздырған" атты өңірлік конкурсын өткізу	Атырау облысының әкімі	2009 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	2400,0
6	Ғарифолла Құрманғалиев әндерін орындаушылардың конкурсын өткізу	Батыс Қазақстан облысының әкімі	2009 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	2914,0
7	Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыс, театрландырылған көрініс өткізу	Батыс Қазақстан облысының әкімі	2009 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	1040,0
8	Орал қаласындағы Жастар мәдениет сарайына Ғарифолла Құрманғалиевтің есімін беру, сол жердегі саябақты абаттандыру және әнші мүсінін орнату	Батыс Қазақстан облысының әкімі	2009 жыл бойы	Жергілікті бюджет	23000,0
9	II облыстық фольклорлық ансамбльдер конкурсы аясында Ғарифолла Құрманғалиевтың репертуарынан дәстүрлі орындаушылардың облыстық конкурсын өткізу	Маңғыстау облысының әкімі	2009 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	160,0
	Жиыны:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет	7587,9 31193,0